

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2024. 11 (3)
шілде-қыркүйек
ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2024
© Авторлар ұжымы, 2024

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аяған Бүркітбай Гелманұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Канзас университеті. (АҚШ)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ө. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,
археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2024
© Коллектив авторов, 2024

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Римантас Желвис (Želvy's Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Козыбаева Махаббат Маликовна — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2024
© Group of authors, 2024

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Ayagan Burkhitbai Gelmanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Golden Kathie Stromile — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kozybayeva Makhabbat Malikovna — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)


ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan
 Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 11. Is. 3, pp. 714–728, 2024
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2024_39_3_714-728

ECONOMIC SECTORS OF THE KAZAKHS ENGAGED IN THE LOWER AND MIDDLE REACHES OF THE SYR: AGRICULTURE, LIVESTOCK AND FISHING (mid-XIX – early XX centuries)

Mirzahan Egamberdiyev¹, Amina Akhantaeva^{2*}, Gulasia Akhantaeva³

¹Al-Farabi Kazakh National University
 (95, Karasai Batyr Str., 0050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)
 Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
 <https://orcid.org/0000-0002-1022-0483>. E-mail: mirzahan.egamberdiyev@gmail.com

²Kazakh National Agrarian Research University
 (8, Abay Ave., 005010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
 Candidate of historical sciences, associate professor
 <https://orcid.org/0000-0003-1078-5182>. E-mail: amina.68.kz@mail.ru

*Corresponding Author

³Kazakh National Agrarian Research University
 (8, Abay Ave., 005010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
 Master of Pedagogical Sciences, senior lecturer
 E-mail: azy777@yandex.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024

© Egamberdiyev M., Akhantaeva A., Akhantaeva G., 2024

Abstract. *Introduction.* The Kazakh population of the middle and lower reaches of the Syra was engaged in traditional types of farming: agriculture, cattle breeding, fishing. Based on the activities of the Kazakh people in this region, deep historical prerequisites for spiritual and material culture have developed. The methods used in animal husbandry, agriculture, fishing, products made from them and food, customs and also migration features depending on the four seasons of the year were considered. *The purpose and objectives of the research work.* The main purpose of the research work is to identify the place and significance of the history and traditions of cattle breeding, agriculture and fishing, which the Kazakhs of the Syrdarya region were engaged in, to draw scientific conclusions and determine. *Task:* to reveal the close connection of agriculture with animal husbandry, that the Syrdarya region is a hotbed of agricultural culture, that fisheries are additionally occupied by the Kazakh people who inhabited the Aral Sea and the Syrdarya River. A detailed analysis of the organization of seasonal labor in animal husbandry and crop production.

The historical continuity of the economy of the Kazakhs who inhabited this region, centuries-old traditions, methods, means and mechanisms of labor used, technologies and the use of products in everyday life, samples of spiritual and material culture associated with animal husbandry, agriculture, fisheries are considered. The complex economy was also analyzed: nomadic, semi-nomadic, sedentary.

Keywords: Ethnography, Kazakh, agriculture, cattle breeding, cattle, horse, sheep, camel, Kazakh horse, chubat, kymyz, sedentary, nomadic, semi-nomadic, wintering, zhailau, kuzeu, fish, fishing fork, hook, zhut

For citation: Egamberdiyev M., Akhantaeva A., Akhantaeva G. Economic sectors of the kazakhs engaged in the lower and middle reaches of the Syr: Agriculture, livestock and fishing (mid-XIX - early XX centuries) // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2024. Vol. 11. No. 3. Pp. 714–728. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_3_714-728

СЫРДЫҢ ТӨМЕНГІ ЖӘНЕ ОРТА АҒЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАЛАРЫ: ДИҚАНШЫЛЫҚ, МАЛ ЖӘНЕ БАЛЫҚ АУЛАУ (XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басы)

Мырзахан Эгамбердиев¹, Әмина Ахантаева^{2*}, Гулазия Ахантаева³

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

(95-үй, Қарасай Батыр көш., 0050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)


Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)

 <https://orcid.org/0000-0002-1022-0483>. E-mail: mirzahan.egamberdiyev@gmail.com

²Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

(8-үй, Абай даңғ., 005010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

 <https://orcid.org/0000-0003-1078-5182>. E-mail: amina.68.kz@mail.ru

*Автор-корреспондент

³Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

(8-үй, Абай даңғ., 005010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Педагогика ғылымының магистрі, аға оқытушы

E-mail: azy777@yandex.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Эгамбердиев М., Ахантаева А., Ахантаева Г., 2024.

Аңдатпа. *Kіріспе.* Сырдың орта және төменгі ағысындағы қазақ халқы дәстүрлі шаруашылық түрлері: егін, мал, балық шаруашылықтарымен айналысқан. Осы өңірдегі қазақ халқының айналысқан кәсібі негізінде рухани және материалдық мәдениетінің терең тарихи алғышарттары қалыптасқан болатын. Мал шаруашылығында, диқаншылықта, балық аулауда пайдаланған әдіс тәсілдер, олардан жасалынған бұйымдар мен азық түлік өнімдері, әдет ғұрыптар жора жосындар, эпсаналар да, жылдың төрт мезгіліне байланысты көшіп қонудың ерекшеліктері де қарастырылды. *Мақсаты мен міндеттері.* Сыр өңірі қазақтары айналысқан мал, егін, балық шаруашылығының тарихы мен дәстүрінің алатын орнын, маңызын саралап, ғылыми қорытынды жасау, анықтау – зерттеу жұмысының *мақсаты* болып табылады. *Мақалада* мал шаруашылығымен егіншіліктің бір бірімен тығыз байланыстылығын, Сыр өңірінің егіншілік мәдениетінің ошағы болғандығын, балық шаруашылығының Арал теңізі мен Сырдария өзенін жағалай қоныстанған қазақ халқының қосымша айналысқандығын ашып көрсету. Мал және егін шаруашылығында маусымға байланысты еңбекті ұйымдастыруды саралап талдау міндеттері қойылған. *Нәтиже.* Осы өңірді мекендеген қазақтардың айналысқан шаруашылығының тарихи сабақтастығын, ғасырлар бойы дәстүрін, әдістерін, пайдаланған еңбек құралдары мен механизмдерінің, алатын өнімдерінің күнделікті өмірде пайдаланылуы мен технологиясын, мал, егіншілік, балық шаруашылығына байланысты рухани және материалдық мәдениеттің үлгілері қарастырылды. Сонымен қатар кешенді шаруашылық: көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшылықпен айналысқандығын сараланды.


Түйін сөздер: Этнография, қазақ, егіншілік, ірі қара, отырықшылық, көшпелі, жартылай көшпелі, қыстау, жайлау, балық, жұт

Дәйексөз үшін: Эгамбердиев М., Ахантаева А., Ахантаева Г. Сандықтау таудағы стелалық кешен және беттің рельеф бейнесі (Солтүстік Қазақстан) // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2024. Т. 11. № 3. 714–728 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_3_714-728

ОТРАСЛИ ХОЗЯЙСТВА КАЗАХОВ НИЖНЕГО И СРЕДНЕГО ТЕЧЕНИЯ СЫРДАРЬИ: ЗЕМЛЕДЕЛИЕ, ЖИВОТНОВОДСТВО И РЫБОЛОВСТВО (середина XIX-начало XX в.)

Мырзахан Эгамбердиев¹, Амина Ахантаева^{2}, Гулазия Ахантаева³*

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(д. 95, ул. Карасай батыра, 050040 Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор (доцент)

 <https://orcid.org/0000-0002-1022-0483>. E-mail: mirzahan.egamberdiyev@gmail.com

²Казахский национальный аграрный исследовательский университет
(д. 8, просп. Абая, 005010 Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор

 <https://orcid.org/0000-0003-1078-5182>. E-mail: amina.68.kz@mail.ru

*Автор-корреспондент

³Казахский национальный аграрный исследовательский университет
(д. 8, просп. Абая, 005010 Алматы, Республика Казахстан)
Магистр педагогических наук, старший преподаватель

E-mail: azyu777@yandex.ru

© ИИЭ имени Ш. Валиханова, 2024.

© Эгамбердиев М., Ахантаева А., Ахантаева Г., 2024.

Аннотация. *Введение.* Казахское население среднего и нижнего течения сыры занималось традиционными видами хозяйства: земледелием, скотоводством, рыбным хозяйством. На основе занятий казахского народа в данном регионе сложились глубокие исторические предпосылки духовной и материальной культуры. Были рассмотрены методы, использованные в животноводстве, земледелии, рыболовстве, изделия из них и продукты питания, обычаи и также особенности миграции в зависимости от четырех сезонов года. *Цель и задачи исследовательской работы.* Основная цель научно-исследовательской работы – выявить место и значение истории и традиций скотоводства, земледелия и рыболовства, которыми занимались казахи Сырдарьинского региона, сделать научные выводы и определить. *Задача:* раскрыть тесную связь земледелия с животноводством, что Сырдарьинский регион является очагом культуры земледелия, что рыбное хозяйство дополнительно занято казахским народом, населявшим Аральское море и реку Сырдарья. Подробный анализ организации сезонного труда в животноводстве и растениеводстве. Рассмотрены историческая преемственность хозяйства казахов, населявших этот регион, многовековые традиции, методы, используемые средства и механизмы труда, технологии и использование получаемой продукции в повседневной жизни, образцы духовной и материальной культуры, связанные с животноводством, земледелием, рыбным хозяйством. Также было проанализировано комплексное хозяйство: кочевое, полукочевое, оседлое.

Ключевые слова: Этнография, казах, скотоводство, земледелие, крупный рогатый скот, оседлый, кочевой, полукочевой, зимовка, жайлау, рыба, жут

Для цитирования: Эгамбердиев М., Ахантаева А., Ахантаева Г. Отрасли хозяйства казахов нижнего и среднего течения сырдарьи: земледелие, животноводство и рыболовство (середина XIX-начало XX в.) // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2024. Т. 11. № 2. С. 714–728. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_2_714-728

Кіріспе

Сыр бойы қазақтарының мал, егін және балық шаруашылығы түрлерімен айналысқандығы жөнінде толығырақ жазба мәліметтер XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында пайда бола бастады. Өйткені XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Ресей өкіметі Орта Азия хандықтарымен тұрақты түрде сауда және дипломатиялық қарым-қатынастар жасай бастаған еді. Хиуа, Ташкент, Бұқара қалаларына елшілер мен сауда керуендерін апаратын жолдар осы Сырдың бойын басып өтіп, Ресей мен Орта Азияны байланыстырып жататын. Шенеуніктердің, әскери адамдардың ғылыми еңбектерінде, тарихи шолуларында, естелік жазбалары мен есеп беру мәліметтерінде қазақтардың шаруашылықтары, тұрмыс тіршіліктері, әдет ғұрып, салт дәстүрлері жөнінде деректер келтіріледі. Мысалыға келесі беріліп отырған зерттеушілер мен еңбектерін келтіретін болсақ: орыс офицері – поручик Я.П. Гавердовский (1770/73–1812) «Обозрение Киргиз-кайсацкой степи» атты еңбек жазған болатын. Гавердовский қазақтарды және қазақ тілін де әжептәуір игерген жақсы білген 1789-жылдан 1800-жылға дейін ол кісі Орынбор шекаралық бекіністер шебінде Ресейдің азаматтық және әскери құрылымдарында қызмет етті. Левшин А.И. (1741–1879) – «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей», Вульфсон Э.С. «Киргизы» 1901 ж., Каруц Р. (1867–1945) – неміс этнографы, саяхатшы – «Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке» (1910) атты еңбектер жазған. Аничиев И.В. (1863–1912) орыс ғалымы, археолог, этнограф. «Забытый край», «Упадок народного хозяйства в киргизской степи», «Очерки о жизни народов Туркестана» «Киргизский герой Джанходжа Нурмухамедов» қазақ елінің салт – дәстүрін, әдет – ғұрпын құрметтеуге шақырған белгілі шығыс зерттеушісі. Қостанаев Құдабай (XIX ғ.) – этнограф, Перовск қалалық училищесін, 1894 жылы Ташкенттегі оқышулар семинариясын бітірген. Сол жылы Ташкентте «Перовск және Қазалы уездері қырғыздарының этнографиялық очерктері» деген еңбегі жарыққа шыққан. Қостанаевтың еңбегіне орыс этнограф-ғалымдары: И.П. Остроумов, М.Ф. Катанов, А. Алекторов қызығушылық тудырған. М.Ф. Катанов кітапшаны қайта бастыруды ұсынған. Алекторов А.Е. (1861–1918) – қазақ елінің тарихын, мәдениетін, этнографиясын және ауыз әдебиетін зерттеп, этнографиялық, танымдық еңбек жазған. «История Оренбургской губернии», «Географический очерк Оренбургской губернии», 1886 г. «Киргизы».

Ел ішінен жиналған этнографиялық материалдарда егіншілікті, мал, балық шаруашылығы, суландыру жүйесі құрылысын, жылдың төрт мезгіліне байланысты мал шаруашылығын, көші қон мәселесін жүргізуді ұйымдастырды; мұрағат материалдарымен қатар, ел арасынан да этнографиялық материалдар жинап терең зерттеуге тура келді.

Материалдар мен әдістер

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатындағы Ф. 383 – Управления киргизами Сырдарьинской линии. Форт Перовский (1853–1867) қорында; Өзбекстан Республикасының мемлекеттік мұрағатындағы Ф.И-17 – Сырь-Дарьинское областное управление; Ф.И-715 Сборник материалов для истории завоевания Туркестанского края қорларында және сонымен қатар Ташкенттегі Әлішер Науаи атындағы Ұлттық кітапхананың қолжазбалар мен сирек кітаптарқорында құнды тарихи құжаттар сақталған, әсіресе «Туркестанский сборник» жинағының орны ерекше. Қызылорда қаласындағы, Қызылорда облыстық Мемлекеттік мұрағатындағы Ф.232 – Перовского уездного управления, г. Перовск (1867–1917; Ф. 267 – Казалинского уездного управления, г. Перовск (1868–1917); Ф. 358 – Канцелярии управляющего туземным населением правого фланга Туркестанской

области, форт Перовский (1859–1867); Ф. 383 – Управления киргизами Сырдарьинской линии. Форт Перовский (1853–1867); қорлармен жұмыс істеп бұрын ғылыми айналымға тартылмаған тың құжаттар, материалдар пайдаланылды. Басты деректік негізін автордың «Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі шаруашылықтары» тақырыбына сай 2000–2020 жж. ел арасынан жинаған этнографиялық материалдар құрайды. Автор (Ә.А) қазақ халқының мал, егіншілік, балық шаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптар мен жора-жосындар, аңыз – эпсаналарға байланысты қызықты, этнографиялық деректер, халықтық тәжірибені сипаттап көрсететін материалдар жинақталды. Зерттеу барысында мал, егіншілік, балық шаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптар мен ырымдар бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоғалтпай келе жатырғандығын көреміз. Жұмысты жазуда объективтілік, тарихилық қағидаларымен қатар, жүйелілік және салыстырмалы талдау әдіс тәсілдері басшылыққа алынды.

Талқылау

Орыстың суландыру жүйесінің білікті маманы Н.А. Дингельштедтің «Опыт изучения ирригации Туркестанского края» бұл Түркістан өлкесін мекендеген қазақ халқының дәстүрлі суландыру жүйесі құрылысының тарихы жайлы жазылған құнды ғылыми еңбек болды. Н.А. Дингельштедт қазақ халқының суландыру жүйесі заңдылығын өте жақсы зерттеп, меңгерген, сонымен қатар егіншілікке пайдалануға жүргізілген ирригациялық суландыру жүйелері, технологиясы туралы қызықты мәліметтер келтіреді (Дингельштедт, 1893).

Добросмыслов А.И. «Скотоводство в Тургайской области» (Добросмыслов, 1895), Т.А. Жданко «Проблема полупустынного населения в истории Средней Азии и Казахстана» (Жданко, 1961), Г. Загряжский «Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи» (Загряжский, 1874), Zhazira Toleubayeva & Tattigul Kartayeva The Regional Features Of The Winter Pastures On The Lower Reaches Of Syrdarya (the End of 19th to the First Half of 20th Century) (Toleubayeva, Kartayeva, 2015), Картаева Т.Е. Қысқы қоныс пен жайылым иеленудің аймақтық ерекшеліктері (XIX ғ. аяғы – XX ғ. Басы) (Картаева, 2015) атты еңбектерінде қазақ халқының мал шаруашылығын жан-жақты зерттеу негізінде мал шаруашылығы, көші-қон мәселесі, жайлау мен қыстауы, жайылымдары, баспаналары, қандай жағдайда мал шаруашылығымен айналысатын шаруалардың отырықшылыққа ауысатыны жайында айтады. Mirzahan Egamberdiyev, Amina Akhantayeva «Kazak Türklerinin Kültür Tarihinde Koyun Başını İkrâm Etme Geleneği» қойдың жалпы малдың басының қадірлі қонақтарға «бас тарту» салт дәстүріміздің ерекшелігі талданып жан жақты көрсетілген. (Egamberdiyev, Akhantayeva, 2023).

М.Ш. Елеусізов «Уәлихановтың экономикалық көзқарасы» патшалық Ресейдің қазақ халқының мәңгі көшпелі шаруашылықпен айналысқандығын қалағандығын, отырықшы мәдениетті дамытуына қарсы болғандығын айтады (Елеусізов, 1959). А. Левшин «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» (Левшин, 1996), А.И. Макшеев «Описание низовьев Сыр-Дарьи» (Макшеев, 1873), «Материалы к характеристике народного хозяйства в Туркестане» (Материалы к характеристике, 1911), Л. Мейер «Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба» (Мейер, 1865), қазақ халқының астықтың, бау-бақша өнімдерінің жақсы өсіретіндігін, сонымен қатар олар жылқы малына арнайы қызыл, сары жүгері де өсіретінін айтады. Тоқтабай А.У. Қазақ жылқысының тарихы төрт түліктің ішіндегі бағалысы саналған “жылқының” шаруашылық және тіршіліктегі орнын, қызметін, дәстүрлі дүниетанымда көне наным-сенімдер арқылы жан-жақты қарастырған қазақтың жылқы шаруашылығына байланысты мәлімет береді (Тоқтабай, 2010). Сонымен қатар А.Тоқтабай, Ж. Сейтқұлова Төрт түліктің қасиеті: Қазақтың төрт түлікке байланысты әдет-ғұрыптарының фольклорлық, археологиялық, лингвистикалық және жазба деректермен салыстырыла зерттелуі қазақтың төрт түлікке байланысты наным-сенімдер, аңыз эпсаналар мен әдет-ғұрыптарының фольклорлық, археологиялық, лингвистикалық және жазба деректермен салыстырыла зерттелген авторлар ұжымы еңбегінің маңызы айрықша (Тоқтабай, Сейтқұлова, 2005).

Е.К. Мейендорф “Путешествие из Оренбурга в Бухару” атты еңбегінде Арал теңізі маңын мекендеген қазақтарды зерттей келе балықпен қоректенетіндігін, кемемен жүзуге әбден қабілетті, олар желкенді қайықтарды да пайдаланатындығын жазады (Мейендорф, 1975).

Зерттеу нәтижелері

Қазалы уездіне қарасты болыстықтардың ішінде егіншілігі жақсы дамыған Ақтоғай, Жамансары болыстықтары және мал шаруашылығы кеңінен етек жайған Заңғар, Қалымбас болыстықтары шаруашылығының, егіншілігінің және әлеуметтік қатынастарының жан-жақты зерттелген материалдары біз үшін құнды. Дақылдарының пайызға шаққандағы мөлшері, арықтар мен атыздар туралы мәліметтер, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығымен айналысатындардың, төрт түліктің мал басы, кәсіпшілікпен айналысатындар туралы есебі, көлемі, мөлшері, қорытындылармен қатар, бұл тексеруді жүргізген адамдардың жұмысын бақылауда маңызды рөл атқарды. Мәселен, егіншілікпен айналыса бастаған малшылар егінді ыза мен қайырлы жерлерге егуден бастады (Материалы к характеристике, 1911: 211) мал шаруашылығымен айналысатын болыстықтарда әр көшпелі малшыда 34 бас ірі қарадан келсе, егіншілерде 15 бас, ал егіншілікпен айналысатын болыстықтарда 44 бас және отырықшыларда 14 бас ірі қара болды (Материалы к характеристике, 1911: 231) және малшыларға қарағанда егіншілерге көмек қолы, яғни жұмыс істейтін адамдар көп керек болды (Материалы к характеристике, 1911:163) рулық қатынастың ендігі құрылған егіншілікпен айналысатын ауылға ықпалы жөнінде: “... рулық принциптің қазіргі егіншілік ауылдарының қалыптасуына ықпалына келетін болсақ, бұл мәселеде ол ешқандай рөл атқармады, өйткені, мысалы, Жаманарықты қазу, тазалау жұмыстары (Жамансары болыстығында – Ә.А.) отбасылық туыстық байланыстарына қарамастан ... жатақтар жүзеге асырды...” (Материалы к характеристике, 1911: 255).

Кейбір патша үкіметінің орыс шенеуліктері (Елеусізов, 1959: 17) қазақтардың отырықшылықты дамытып, сауатты болуын қаламады, «... мен қырғыздарды орналастыру, оларды оқыту және оларды еуропалық халықтар дәрежесіне көтеру жөніндегі филантроптардың асқақтаған ниеттерімен әуестенбеймін. Мен қырғыздардың (қазақтардың – М.Е.) мәңгі көшпелі бақташы болып қала беруін, олардың ешқашан егін екпеуін және ғылым түгіл кәсіпшілікті де білмеуін жан-тәніммен тілеймін, сонымен қатар оларды біздің нанымды жеуді, біздің жобалғы шұғамызбен Россияның басқа да бұйымдарын пайдалануды, үйретуді шын тілер едім ...» (Елеусізов, 1959: 17). Бұл жерде біз осы патша үкіметінің бір шенеулігінің сөзінен ғана отарлаушылардың тек қана қазақ халқын қанап, елін, жерін, байлығын ғана тонауға келгенін көреміз. Патша үкіметінің қазақ халқының әлеуметтік жағдайы, мәдениетіне тіптен жандары ашымайтынын, көңіл бөлгілерінің келмейтінін көріп отырмыз. Қазақтарды қараңғылықта ұстау оларға тиімді болды, сол үшін де рухани тұрғыдан дамытуды барынша тежеп отырды.

Патша өкіметі қазақ даласының шекарасына жақындаған сайын оларды осы өлкенің жергілікті тұрғындары, олардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері мен шаруашылықтары қызықтыра бастады. Шығыстың нарративті жазба деректеріне қарағанда, орыстардың құжаттарынан шаруашылық жөніндегі толыққанды мәліметтер кездестіретіндігіміз де кездейсоқтық емес. Мәселен, орыс елшісі В. Кобяков Тәуке ханға қазақтардың егіншілікпен айналысатынын, олардың егістігінің көп еместігін, қарақалпақтармен көрші тұратындығын хабарлаған. Ал қазақ жерінде болған П.И. Рычков: «... Қазақтар егіншілікпен айналыспайды ...» – дейді, бірақ ол қазақ даласына «Ақтабан шұбырынды» оқиғасынан кейін ғана ат басын тірепті, ал бұл кезде қазақ халқы жоңғарлардан қорғану үшін егіс алқаптарын, жайылымы мен малдарын тастап, бас сауғалап қашқан еді (Қазақстан тарихы, 2002: 184–186).

П.И. Рычков орыс шенеулігі, тарихшы, экономист, өлкетанушысының қазақ тарихынан хабары жоқ адам екенін көреміз, себебі ортағасырлық қала мәдениетінен хабары болса мұндай тұжырым айтпаған болар еді. Ал жоңғар шапқыншылығы кезіндегі «Ақтабан шұбырынды» оқиғасынан кейін шапқыншылыққа ұшырап, зәбір көрген халық егін екпек түгілі туған

жерлерін тастап бас сауғалап кеткен болатын.

А.И. Макшеев Сырдың төменгі ағысында астықтың, бау-бақша өнімдерінің жақсы өсетіндігін айтады: “... Сыр өзенінің төменгі ағысында бидай, арпа және тары, сондай-ақ қарбыз, қауын және жалпы барлық бақша көкөністері жақсы өседі. Сонымен қатар жылқы малын азықтандыру үшін пайдаланылатын ақ және қызыл жүгері өте жақсы өнім береді ...” (Макшеев, 1873: 512–513). А.И. Макшеев Сыр бойында алты жылдай әскери қызмет атқара жүріп қазақтар туралы түрлі тарихи, этнографиялық материалдар жинап, еңбектерін жарыққа шығарған. 1852 жылы А.И. Макшеев Орынбор корпусының командирінің бұйрығымен Сырдарияның төменгі ағысындағы Қоқан бекіністерінен тазартуға жіберілген алдыңғы қатарлы жасақтың бастығы болып тағайындалған. 1853 жылы 3 шілдеде Ақ мешітке келіп, осы бекіністі салуды бастаған. 1855 жылы Орыс Географиялық қоғамының нақты мүшелігіне сайланған.

Қазақ халқы диқаншылықта суландыру жүйесіне үлкен мән берген, тіптен арнайы мамандардың қызметіне де жүгінген. Н.А. Дингельштедт ХІХ ғасырдың 90 жылдары «Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сыр-Дарьинская область» атты ғылыми еңбегі жарық көрген. Түркістан өлкесін мекендеген қазақ халқының дәстүрлі суландыру жүйесі құрылысының тарихын жан жақты зерттеген. Автор қазақ халқының суландыру жүйесі заңдылығын өте жақсы зерттеп, меңгергендігін мына тұжырымынан байқауымызға болады, онда: «... Қазақтар су жөніндегі талас-тартысты шешу үшін ауыл ақсақалдарына, көбіне мұраптарға жүгінген, бірақ та еш уақытта халық қазылар мен билерге жүгінбеген ...» - дейді (Дингельштедт, 1893: 338). Н.А. Дингельштедт патша үкіметінің тапсырмасымен қазақ жерінде бірнеше жыл тұрып, тіпті қазақ тілін де меңгеріп, осы суландыру жүйесін зерттеген. Су мәселесіне келгенде жергілікті халық мұраптармен ақылдаса отырып шешетінін айтады, бұл жерде мұраптардың беделі қазылар мен билерден кем емес екенін көруімізге болады.

Н.А. Дингельштедттің пікірін патша үкіметінің жолдауымен қазақ жерінде қызмет еткен әскери шенді қызметкер Л. Мейердің мәліметі де растай түседі. Жергілікті халыққа мейіріммен қарап, өте жақсы қарым-қатынас жасаған, инженер ретінде халықтың арасынан шыққан мұраптарға бөгеттер мен арналар, арықтар салудағы үлкен шеберліктеріне (мұраптар ешқандай өлшеуіш құрал жабдықты пайдаланбаған – Ә.А.) таң қалып, өз сөзімен айтқанда: «... Олардың батылдығы, арнайы білімдері болмаса да, судың күшті тегеурінін тоқтата алатындығына ...» үлкен құрметпен қарағандығын атап өтуге тиіспіз (Мейер, 1865: 103–104).

Диқандарының кейбіреулері бау-бақша өсіргенде, тыңайтқыш есебінде малдың қиын пайдаланған. Жылқы мен сиырдың “қыйын” араластырып тыңайтқан, мұндай жерлерден өнім мол алынды. Қойдың “көңі” күшті тыңайтқыш, сондықтан аздап қолданған, себебі көп болса егістің тамырын күйдіріп жібереді деп есептеген. Тыңайтқышты көбіне тек “көк егіске” ғана пайдаланылған. Малдың қыйынан басқа тыңайтқыш жоқтың қасы болды (АЭМ).

Сыр өңіріндегі шаруашылықтың өзіндік ерекшелігі: суармалы егіншілік мал шаруашылығымен тығыз байланысты болды, ал Арал теңізі маңын мекендеген халық егіншілікпен қатар балық аулаумен де айналысты. Сырдың төменгі ағысын мекендеген халық тіршілігінің қайнар көзі болған мал шаруашылығы, егіншілік, балық аулау кешегі Қазан төңкерісінен кейінгі ұжымдастыру кезеңіне дейін сақталған. Сыр бойын мекендеген қазақтарда отырықшылық пен егіншіліктің дамуы мал шаруашылығына өз әсерін тигізбей қоймады.

ХІХ ғасырдың ортасымен ХХ ғасырдың басында осы өңірдегі мал шаруашылығының өзі негізгі үш түрге бөлінді: көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшылық. Осы жерде айта кететін нәрсе бұрынғы кезде қазақтар тек көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан деген, Кеңес кезеңде біржақты жалған пікір қалыптасқан еді. Мұны Т.А. Жданко жоққа шығарады: “Археологиялық, тарихи-этнографиялық және экономикалық-географиялық соңғы зерттеулердің нәтижесінде «көшпелі халық» ұғымы барған сайын сараланады. Орта Азия мен Қазақстан халықтарын тек «таза» көшпелілер мен егіншілер деп бөлудің ескіргені анық. Шаруашылықта егіншілік пен мал шаруашылығын, көшпелі және отырықшы мәдениет элементтерін әртүрлі деңгейде біріктіретін жартылай отырықшы (жартылай көшпелі)

халықтың тарихи рөлі барған сайын артып келеді... “ (Жданко, 1961: 24).

Егіншілікпен айналысатын қазақтардың өзін екіге бөліп қараған: “...Егіншілікпен айналысатын қазақ халқы тұрақты егіншілер, кәсіп ретінде жер өңдеумен айналысатындар және қосалқы кәсіп ретінде егіншілікпен айналысатын жартылай көшпелілерден тұратын. Егін егу кезінде отбасы мүшелерінің бір бөлігі қалып уақытша егіншілікпен айналысты, кейбір жағдайда жергілікті диқандарға себетін тұқым мен күш көлік, егіннің жартысын немесе үштен екі бөлігін беруге келісетін” (ӨРОМА. И-17 -қ. 1-т. 14778 -іс. 242 -пп).

Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихында ұзақ жылдар бойы Т.А. Жданко зерттеген жартылай отырықшылық мәселесінің ғылыми-практикалық мәні зор. Т.А. Жданко көп жылдар бойы зерттеген еңбегінде Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген халықтың жартылай отырықшы бола отырып, айналысқан шаруашылығының этнографиялық ерекшелігін былайша бөліп көрсетті: «... Шаруашылықтың кешенді түрі деп әлсіз дамыған экстенсивті суармалы немесе табиғи егіншіліктің мал шаруашылығымен, кей аудандарда балық шаруашылығымен үйлесуін айтамыз; натуралды шаруашылықтың түрі көшпелі малшыларда аз болды, олар өз табындарымен алыс жайылымдарға көше отырып, кейде қалаларға да жақындап келді; отырықшылыққа ұзақ тұрақтамады ...» (Жданко, 1961: 57). Сонымен қатар егіншілікпен айналысуға малдарынан айырлған шаруалар да күндерін көріп, тамақтарын табу үшін келгендері де болған. Орыс зерттеушісі Е. Смирнов ХІХ ғасырдың 70–80 жылдарындағы жұттан және тағы да басқа себептерден малдарынан айырған Сыр өңірі қазақтарының шаруашылығын былайша сипаттап жазады: «... егіншілікпен тек малы жоқ кедейлер айналысқан, олар егінші [немесе диқан – Ә.А.] деп аталған, олар байып алғаннан кейін қайтадан жартылай көшпелілікке ауысқан ... » (Смирнов, 1887: 49). Алайда Сыр бойы қазақтарының отырықшылыққа ауысып, егіншілікпен айналысуының өзіне ғана тән қайталанбас ерекшеліктері болатын.

Жер өңдеуге байланысты қазақтар түрлі наным сенімдер мен ырымдарға сеніп салт дәстүр, әдет ғұрыптарды жасап отырған. Жергілікті диқандар көктемде егіс жұмысын бастар алдында сол жерге барып мал сойып, құрбандық шалып, құран оқытады. Диқан әулиеден егіс жұмыстары сәтті болып, мол өнімді ырысты-берекелі жыл болуын сұрайды.

Ал астық пісіп, егінді жинайтын науқанда “қоян қашты” ырымын жасаған. Бұл “қоян қашты” ырымы – ақ егісті жинаған кезде жасалынатын. Астықты тез орып бітіру үшін “қоян қашты” тездетіп соны қуып жетейік деп алға қарай жылдам жылжып отырған, қалғандары оның соңынан еретін болған. Осылай астықты жауын-шашын, суыққа қалдырмай, төкпей-шашпай жинап алатын. “Қоян қашты” ырымын жасайтын кезде “асарлататын” кездер де болған. Жағдайы бар егіншілер мал сойған, жоқтары сүт көже кейде балық асатын яғни барын беретін еді (Ахантаева, 2020: 11).

Әсіресе Қыдыр атаны қадыр тұту қырмандағы жұмыс кезінде қатты өрістеген. Қырман – өте қадірлі орын саналды, оған әйел жұрты жақындатылмаған, қасына от жағуға, су әкелуге тыйым салынатын. От өрт шығаруы мүмкін, өйткені қырманда және оның айналасында жанатын нәрселер көп болады, ал егер су әкелінсе егіншілердің нанымы бойынша астық судай ағып кетуі мүмкін, қырманға келер алдында дәрет алынып, намаз оқылатын еді.

Астық шөп-шаламнан тазартылғаннан кейін оны қырманның ортасына үйетін. Содан соң қырманның қожайындары қырман той жасайды – қой, ешкі кейде жағдайына қарай сиыр сояды. Бауыздалған малдың қанын күректің ішкі жағына жағып, астыққа бүркітін болған. Күректі астыққа ішкі жағын батысқа қаратып құбыла жақтан салатын. Диқандардың наным-сенімі, дәстүрі бойынша қырманда темірден жасалған еңбек-құралды пайдалануға тіптен жақындатуға болмайтын (АЭМ). Себебі бұл тыйым салу ерте заманнан қалдық дәстүр, егіншілік пайда болғанда диқандар жерді өңдеуде, астық жинап бастыруда тек ағаштан жасалған құралдарды пайдаланғаннан болуы керек.

Аққұла ырымы жасалып болған соң барлығы қырманды тастап кетеді, бұл “қырман түнету” деп аталады, яғни астық түнеп шығуы тиіс. Егіншінің нанымы бойынша осы кезде қырманға Қыдыр ата келеді, сол кезде “қырман тасиды”, яғни астық бірнеше есе көбейеді деп

есептеген. “Кеусен” деп аталатын ырым да қызықты. Айтушылардың сөзінен біздің түсінгеніміз кеусенді, негізінен, малшылар яғни егін екпегендер сұраған. “Ат дорба” ырымы да болған, бұл қырманға әлдебіреу атпен келген кезде оның қабына, ат жемдейтін дорбасына сиятындай астық салып берген.

Жаңадан қазылған арыққа немесе арнаға су жіберілген кезде “арық той” жасалған. Қойды немесе сиырды құрбандыққа шалып, оның қанын арыққа ағызған, содан кейін су жіберген.

Сыр бойы қазақтарындағы дәстүрдің бірі – “өгіз айдар”. Бұл дәстүр бойынша көктемде егіс жұмыстары басталар кезде бүкіл ауыл диқандары малдары мен ауылшаруашылығына пайдаланатын еңбек-құралдарын ортаға жинап топтастыратын болған Сабантой – бұл халықтық мереке. Күзде диқандар егіндерін жинап алғаннан кейін, күз айында тойланды (АЭМ).

Көшпелі мал шаруашылығының түрі негізінен байлар мен орташалардың шаруашылығына негізделді, 1910 жылы Перовскі уездінде 3330 немесе 14 пайызы жалпы шаруашылықтың есебін құраса, ал 1911 жылы Қазалы уезінде көшпелі және жартылай көшпелі 24223 шаруашылықтың 42,86 пайызын құрады. Перовск уезінде жартылай көшпелі 5579 немесе 23,5 пайыз шаруашылықты құрады. Жартылай көшпелілікпен негізінен орташа тұрмысы барлар айналысты. Себебі малы көп қазақтар жайылымдық, шөбі шүйгін жерлерге көшіп жүрмесе малды азықпен қамтамасыз ету қыйын болды. Перовск уезіндегі халықтың 61,2 пайызын ал Қазалы уезіндегілердің 57,14 пайызы отырықшы болды (Ахантаева, 2008: 89).

Жалпы көшпелі қазақ халқы малға қысқа арнап шөп шауып қысқы азық жинамаған. Өйткені қыс мезгілінде малдарын жылы жақа қыстатып отырған. Сондықтан кейбір қазақтар жұттардың себебінен көптеген малдары қырылып таза кедейшілікке кейде байлардың өзінде малсыз қалғандары болды, сондықтан оларға егіншілікпен айналысудан басқа ештеңе қалмады. Кейбір қазақтар “диқаншылық” кәсіпке осылай малдан айырылып таза кедейленген кезде, тіптен он, он бес мыңдаған жылқысы бар байларда жұтта малдан айырылып келген болатын. Малдың қысқы жайылымын «тебіндік» деп аталды, ол малдар қарды тазалап астындағы шөпті азық қылытын қысқы жайылым. Әр ауыл отбасының егіс орны, қыстақ маңында мал жайылымы болатын болған. Қой бағуға арналған «қойбөлек», «қорық», «атабөлек» сияқты қосымша жайылымдар болды. Бұл жайылымдарға ауылдар малдарын жаймай, оның шөбін кейінге сақтап отырған, яғни бұл мал үшін шөптің қосымша қоры саналған. Қойбөлек немесе қорық әрбір қыстаулық ауылда болды. Қорық шекарасын ақсақал анықтап, шекара қазықтармен, тастармен, ағашпен белгіленді. Қорық үшін ауыл арасында келіспеушіліктер өте сирек болды. Малдар басқа ауыл қорығына қатты боран кезінде ық іздеп ұзап кетуі мүмкін. Қорық үшін талас болса, оны ауыл ақсақалы шешіп отырған. Егер шөбі шүйгін болса, қорықтың көлемі кіші болды, ал батпақты, сораңды болса көлемі үлкендеу болған. Кей жағдайда шөбі шүйгін жерден қорықтың көлемін кеңірек иемденген ауылдан, жайылымды аз иемденіп отырған ауылға бір жайылым бөлегін алып беруге ақсақалдың билігі керек болған. Ақсақал жайылымды бөлген кезде жаңа жайылымды алған ауыл қой сойып, бата қылған. Содан соң, жаңадан ағаш қағып, тас үйіп жаңа шекара белгілеген.

Малшылар үшін қыс мезгілі қиын болды. Қатты қыс үлкен себеп болды малдың жоғалуы, бұл “жұт” болды. Келесі себептер “жұтқа” да әкелді: біріншіден, үздіксіз жауған қардың, қатты дауылдың және аяздың салдарынан қардың көп жаууы, жазда құрғақшылық; екіншіден, қыс жылы күндерден басталып көп жаңбырдың жаууы, содан кейін ол қарға ауысып, жердің беті мұз болып, малдардың шөп тауып жеуіне мүмкіндік болмады; үшіншіден, көктем суық болып тым ұзаққа созылды. (Толеубаева, Картаяева, 2015: 166–167). Тек «жұт» ғана емес, сонымен бірге қасқырлар малға шабуыл жасап та отырды. Жартылай отырықшылықпен айналысатын малы аз, сауын сиырлары мен қолындағы шамалы қой мен ешкісіне арнап қыстық шөп дайындады. Қыста қой мен түйені ашық қорада «ықтырмада» ұстаған.

1879 – 80 жылдардағы жұтта Перовск, Қазалы уездерінде әсіресе Перовск уезінде малдың жартысынан көбі қырылып қалған. Осы кезде малшылардың көбісі егінмен айналысып жандарын сақтап қалған. Бұндай жағдай тек Перовскі, Қазалы уезінде ғана емес

бүкіл қазақ жерінде болып тұратын болған.

Қазақ даласын зерттеуші орыстың экономист, статист ғалымы А.А. Кауфман жұт жайында өз көрген білгендері жөнінде: «...Әрбір қоян жылы болатын жұттың, қазақ халқы байлығы тек мал шаруашылығына негізделгендіктен қауіпті екенін біледі, екінші жағынан, көптеген шаңырақ иелерін. егіншілікке бет бұруға немесе кедейлер санатына қосылуына әкеліп соғады. Екі-үш жылқысы немесе өгізі қалған қазақтар енді малдан түскен табыспен күн көре алмайды, бірақ күш көлік ретінде пайдаланып жерді егіске дайындап, өзін жыл бойы нанмен қамтамасыз ете алады (Кауфман, 1903: 97).

Бұл шаруашылықтар негізінен егіншілікпен айналыса отырып қосымша көбінесе мүйізді ірі қарамен қатар түйе өсірді. Қыс мезгілінде балық аулаумен де айналысты.

Қазақтың қойына тән нәрсе жүні қалың, құйрықты болды, оны қазақтың “құйрықты қойы” деп те атады. Олар ыстық суыққа төзімді, күй талғамайтын, ұзақ жолға шыдамды болды. Орта Азия және орыс қалаларының базарларында қазақтың қойының еті өте жоғары бағаланды. Қойдың жүнінен, терісінен көптеген тұрмысқа қажетті бұйымдар, киім-кешек: мысалыға киіз, текемет, алаша, кілем, арқан, тон, малақай, киіз етік жасалынды. Малшы қойдың жүнін, терісін одан жасалған бұйымдарын сатып немесе айырбастап, өзіне көп пайда түсіріп отырды, әрі бірден-бір табыс, күнкөріс көзі болып табылды (АЭМ).

XIX ғасырдың аяғына дейін қой товар айырбасында балама түрде пайдаланылды.

Қазақтарда нағыз кең тараған жылқының түрі бұл – “қазақы жылқы” болды. Қазақы жылқысының бойы аласа, кең кеуделі, жалды, күтімді қажет етпейді, аптапқа және суыққа өте төзімді, жыл бойы аяғымен жүріп жер отын азық қылады. Осындай төзімділігіне қарап Орта Азия және орыс қалаларының тұрғындары қазақтың жылқысын күш-көлік ретінде, мінуге және ауыл шаруашылық жұмыстарына пайдалануға қызығушылықпен сатып алып отырған. Байлар мен орта шаруалар қысқы уақытқа қысыр (тумай қалған биені осылай атаған – Ә.А.) қысыр қалған биелерден соғымға сойған, сөйтіп қысқа азық қылған, ал жазда биелерді сауып сүтінен “қымыз” дайындаған. Жалпы қымызды сусын ретінде пайдаланған, сонымен қатар оның емдік қасиеті өте күшті, қазірдің өзінде ол ғылымда дәлелденген нәрсе. Қазақы жылқыдан басқа байлар Орталық Азиядан “қарабайыр” деп аталатын тұқымын әкелген, бірақ олар Қазақстанның климат жағдайына төзбеген сондықтан оларды қазақ жерінде көбейте алмаған. Қарабайырды байлар тек мініске пайдаланды (АЭМ).

Түйенің екі түрі болды: бір өркешті – “нар”, екі өркешті – “айыр”. Сыр бойы қазақтары айыр түйені жоғары бағалап нардан артық көрді, оның жүні қалың болғандықтан қысқы суыққа шыдамды болды, бірақ нар түйе күшті әрі төзімді болды.

Орта Азия қалаларының базарларында түйенің жүні жоғары бағаланды. Түйе жүнінен жамылғы көрпе, шекпен, жылы киімдер жасалды. Түйені де соғымға сойған, ал сүтінен сусын дайындаған оны “шұбат” кей жерлерде “қымыран” деп те атайды (АЭМ).

Қазақтардың өсірген мүйізді ірі қараларының бойы аласа, сүттілігі нашар болды.

Сыр бойы аудандары Россияның құрамына қосылғаннан кейін осы жерлерде орыс қоныстары пайда болды, енді қазақтар орыстардан швед, украин тұқымдас ірі қараларын сатып алып өз сиырларымен будандастыру арқылы жаңа тұқым алды. Енді қазақтандың сиырларының белгілі бір мөлшерде жақсарып, іріленіп және сүттілігі артты (АЭМ).

Отырықшы және жартылай отырықшы шаруашылықтар үшін мүйізді ірі қараның маңызы ерекше болды. Сүт және сүттен жасалған тағамдарды көбінесе егін піскенше азық етті. Отырықшы және жартылай отырықшы қазақтар қысқы соғымға көбінесе өгіз немесе сиыр сойды.

Байлар негізінен мүйізді ірі қараны менсінбеді, жаратпады, сондықтанда оны көп өсірмеді. Бай адамдардың жанұялары сиырдың сүті мен етін тамақ ретінде ішіп, жеп пайдаланбаған, бірақ-та байлардың көбісінде табын-табын сиыр мен өгіздері болған, оларды кедейлерге “сауынға” таратып беріп отырған, мысалыға Перовскі уезінің Романов болыстығындағы Біләш деген бай 700 бас сиырын кедейлерге “сауынға” таратып берген. (“сауын” дегеніміз байлар малының сүтін ішіп бағып беруге кедейлерге таратып берген, кейін бірақта қайтып жинап алады – Ә.А.) (АЭМ).

Сыр бойы халқының мал шаруашылығы және жайлау мен қыстауы жөнінде прапорщик Богдановтың мәлімдемесінен көруімізге болады: “1-форт аймағын мекендеген көшпелі қазақтың рулары төртқара, шөмекей, шектінің саны 10 000-ға жуық, олар бірнеше бөлімдерге бөлінген, әрқайсысында жүзге тарта шаңырақ болды, оларды “билер” басқарады. Олар бір жерді тұрақтап қоныстанбады, көшіп жүрді, жазда кейбіреулері малмен Қарақұмның құмына, Үлкен және Кіші борсыққа, Орынбор шекарасына дейін барып, ал қыста қайтадан Сыр бойы үйреншікті жерлеріне қайтып келді (ӨРОМА. И-715 -қ.1-т. 151-іс. 75-76-пп)

XIX ғасырдың ортасында жәрмеңкелерде сатылған малдардың саны мен құнын мына статистикадан көруімізге болады. 1860 жылы Перовскі уезінің базарларында сатылған малдардың саны: жылқы - 194, түйе - 50, сиыр - 315, қой - 4939, ешкі - 176. Олардың құны: жылқы - 15, түйе - 30, сиыр - 10, қой - 1 сом 80 тиын, ешкі - 1 сом 50 тиын (ҚРОМА. 383-қ. 1-т. 166-іс. 9–16-пп). Ал 1908 жылы Перовскі уезінде 5950 сиыр мен өгіз және 2517 жылқы, ал Қазалы уезінде жоғарыдағыларға сәйкес 11520 және 12066 бас сатылған. Қазақтар бұл малдардан басқа белгілі мөлшерде ешкіні де асырады. Көшпенділер көбіне ешкіні отарды бастап жүргізу үшін асыраған, сонда отар қойды айдау оңай болды, бірақ олар ешкіні көп өсірмеді. Отырықшыларда ешкіні өсірді, оның сүтін, етін, түбітін пайдаланды.

XIX ғасырдың ортасында отырықшылар есекті де өсірді, оны түрлі ауылшаруашылық жұмыстарына тіптен жер жыртуға және мініс көлігі, жүк тасуға да пайдаланған. Есекті өсіргенін мына статистикадан көруімізге болады: “Перовскі уезінде 1896 жылы жылқы 41132, есек 2482, түйе 91475, мүйізді ірі қара 26460, қой 860150, ешкі 36364 болды ...” (Брокгауз, Ефрон, 1898: 349).

Малы көп байлар өзінің табын-табын малын бақтыру үшін бақташы “жалшы” жалдаған. Бақташылар келісім бойынша жарты жылға қабылданды, бай алдын-ала жалданған бақташыға жалдамалының міндетін түсіндірді. Жалдаудың екі кезеңі болды – күзде қыстауға көшер алдында, онда жалшы байда көктемге дейін жұмыс істеуі керек, содан кейін баймен есеп айырысып кетуге болатын еді, немесе баймен қайта келісімге отырып келесі кезеңге дейін қалуға болатын болды, күзгі қой қыркымға болмаса су қатқан уақытқа дейін; бірінші кезеңді “күзем”, екіншісін “мұз қату” деп атады (АЭМ).

Орыс зерттеушілері қазақ жерінде қыстық баспана тұрғызу ісі XIX ғасырдың басынан бастап қолға алына бастағанын айтады. Сыр бойындағы қыстауларда баспана тұрғызу ісінің кең қалыптасуы XIX ғасырдың соңғы ширегінен отырықшы мал шаруашылығын кәсіпке айналдыра бастаған тұста кеңінен өрістеген. Статистиктердың: «Сыр өңірінде XIX ғасырдың ортасында көшпелілердің кесектен соққан үйлерді иемденуі сирек кездесті, 3 шаруашылықтың біреуінде ғана қыстық үй болса, қалғандары қысты киіз үйде өткізді. Қыстау әкеден балаға мұрагерлікке өтіп отырған» – деген дерегі XIX ғасырдың ортасында қыстық баспана тұрғызудың кеңінен етек ала қоймағандығын көрсетеді (Добросмыслов, 1895: 30). Сыр қазақтарының диалектісінде қыстық баспананы «там» деп атау қалыптасқан. Мысалы үй тұрғызу, салуды «там салу» дейді. Қазақтар жөнінде алғаш монографиялық еңбек жазған орыс тарихшысы, түркітанушы А.И. Левшин жазбасында: «Өткен XVIII ғасырдың соңғы жылдарында Кіші жүз төртқара руының қазағы Қараболат Сырдария өзенінің жағасынан кесектен кішігірім бекініс тұрғызып, ортасынан мешіт салған, өзі жанында киіз үйде отырған, бұл құрылыс кейін «Қараболат там» аталып кетті. Көпес керуендері осы осы жерге тоқтап, Қараболаттың қонысынан өткені үшін аз да болса да салық төлеген», – деген (Левшин, 1996: 298). Қазақтар ертеде қыс мезгілінде де киіз үйде отыра берген. Киіз үй көшпелілердің негізгі баспанасы болғандығы жөнінде орыстың этнограф ғалымы (әрі заң саласының да маманы болған – Ә.Ж. Ахантаева) Г.С. Загряжский: «Сырдария қазақтары қыста баспанада отыруға мәжбүр емес. Қыстық киіз үй жаздық киіз үйден кіші етіп тігіліп, бір үзікке кем жабылған. Қыстық киіз үйлерді кейбірі екі киіз үзікпен жапса, кейбірі киіз үй сыртын қамыспен қаптаған. Қыста киіз үйді қоныр, сұр киізбен, жазда ақ киізбен жапқан», – деп киіз үйдің мерзімдік сипатын берген (Загряжский, 1874: 114). Бұл екі пікірдің де жаны бар деп қарауға болады. Дегенменде, Перовск уезінен қыстауға оралған қазақтардан түсірген суреттер бай

ауылдарында қоңыр киізбен жабылған үйлердің қолданыс аясында кең болғанын айғақтайды. Осыған қарағанда ақ киізбен жабылған үйлер тойларда, астарда және жайлауларда тігілген болса керек. Киіз үйдің тұрмыс қажетін өтеудегі қызметі мен қолданыс аясын Сыр өңірінен бақылаған автордың бірі орыстың әскери шенді тарихшы, этнограф ғалымы Л. Мейер. Ол: «қыс кезінде де киіз үйде тұруды жалғастырып, жылы болу үшін екі қабат киіз жауып, етегін қамыс, құммен бастырған», – деп қыс кезінде үйлердің қамыспен жабылғандығын тағы да растайды (Мейер, 1865: 249). Зерттеушілер Ойсылқара, Талдық, Ырғыз және Қазалы елді-мекендеріндегі қазақтардың қыстық жертөлесін келесідей суреттеген: «...Жертөле бір бөлмелі, аласа, ағаш еденді, мұржасы төбеге шығатын етіп орнатылған. Кең жертөлелер екі бөлмелі, бір бөлмеде әйелдер ас даярлайды, екінші бөлмеде қонақ күтіледі. Бөлме ортасында төбе берік болу үшін қойылған бақан орнатылған. Жертөлелер қамыстан, кесектен тұрғызылып, сырты балшықпен сыланады. Жертөленің ішінен бір қабырғаға тақалып нар жасалып (еденнен жоғары көтерілген сәкі, жылы отыру үшін жасалады – авт) үстіне киіз төселіп, тұсына кілем ілінген, қалың көрпешелер төселген. Жертөле ішінен киіз үйдегідей жүкайяк, кебеже, аяққап, төсек, киізбен қапталған сандықтар қойылған. Бір қыстауда 15–20 шаңырақтан, ал кейбір қыстауларда 5–6 шаңырақтан қоныстанды. Қыстаулар көбіне бір-біріне жақын етіп салынған. Қазақтар қыстауда әулеттерімен бірге тұрады» (Картаева, 2015: 127–128).

Қазақ халқы төрт түлікті құрмет тұтты, өйткені өмір сүру дағдылары тікелей солармен байланысты болды. Әсіресе малдың басын қатты құрметтеді. «...Қазақ мәдениетінде “бас” адам, жануар, өсімдік түрлерінің ең мінсіз, ең қасиетті бөлігі болып саналады. Қазақ халқы мал басын қатты құрметтеген, сондықтан олар оны тек ең құрметті қонақтарына ұсынады. Барлық көру, есту, ойлау, сөйлеу және іс-әрекетті басқару функциялары баста біріктірілген. Сондықтан құрметті қонаққа, беделді адамға “малдың басын тарту” салтының өзіндік ғұрыптық маңызы бар болды. Басын жегеннен кейін, бата жасалды, ал бас сүйекті кез келген жерге лақтырып тастай салмай қораның немесе бақшадағы биік жерге іліп қоятын болған. Қазақ халқы бас сүйекі жерге тастау – үйге немесе отбасына зиян келтіреді деп ырымдаған (Egfmberdiyev, Akhantayeva 2023: 124).

Жылдың жартысынан астамында қарапайым қазақтарға жалғыз азық болатын балық шаруашылығы едәуір кең тараған, бірақ соның өзі ежелгі заман жабдықтарымен өндіріледі десе де болады. Бірең-сараңында ғана кіші-гірім аулар бар. Көп бөлігінде қарапайым құралдармен аулады. Балықты Қарабұлақтың бойымен Жаңадария салалары көлінен, ал көп бөлігін Арал теңізіне жақын Сырдария сағасынан аулайды. Ол жерлерде көптеген балықшылардың ауылдары тұрады немесе көшіп қонып жүреді.

Балық аулау кәсібімен негізінен XIX ғасырдан бастап XX ғасыр басына дейін, кедейлер айналысқан. Олар үшін әсіресе, көктемде балық пен малдың сүті негізгі күн көріс тағамдары болып есептелген. Балықшылардың балық аулаудағы дәстүрлі құрал-саймандары: қармақ, сүзекі, шанышқы, қаза, ілме. Негізінен қармақпен өзендер мен көлдер қатқанша балық аулады. Балық аулаушылар сүзекімен көбіне балықтарды көктемде, күзде өрлеу кезінде және қысты күні мұз астындағы ұйқылы-ояу балықтарды мұзды ойып сол жерге жиналған кездерінде сүзіп алып отырды. Сүзекімен немесе аумен балық аулау үшін өзен ағысының ортасынан керді, кейде қамыстан “басқалдақ” жасады, сөйтіп ау керіп те аулады. Балықшы басқалдақ үстінде тұрып суға сүзгіні тастайды, бірнеше уақыт судың қатты ағысына қарсы ұстап тұрып, сосын көтеріп шығарып алады. Балық аулау мезгілінде балықшылар сүзекінің өзімен ғана жиырма мыңдай табан балық аулайтын болған. Басқалдақты негізінен кім жасап орнатса соның меншігі және ол атадан балаға мұра болып қалдырылып отырды (АЭМ).

XIX ғасырдың ортасында Түркістан өлкесіне орыс қоныстанушыларының келуіне дейін жергілікті тұрғындар балық аулау ісімен кәсіп түрі ретінде айналысқан емес. Сыр бойы мен солтүстік Арал теңізі маңын мекендеген жергілікті ру тайпалар балықты тұрмыс кешудің қосымша көзі қылып пайдаланған. Ерте дәуірде және орта ғасырларда осы аймақты мекен еткен рулар қол жабдықтарымен, торлы дорбамен және шанышқымен күнделікті азық үшін ғана балық аулаған.

Қазақстанда балық шаруашылығы маңызды роль атқарған жоқ, онымен өзен көлдердің жағалауына тұрақтаған азғантай кедейлер ғана айналысқан. XIX ғасырда қазақ қоғамының жаппай отырықшыланып, көптеген жатақтардың пайда болуына байланысты көшпенді мал шаруашылығы мүмкіндігінен айырылғанда балық шаруашылығының маңызы арта түсті. Олардың бір бөлігі балыққа бай су қоймалардың маңына тұрақтап қалды.

Орыстың әскери шенді ғалымы Е.К. Мейендорф өзінің “Путешествие из Оренбурга в Бухару” атты еңбегінде Арал теңізі маңын мекендеген қазақтар туралы былай дейді: «Арал теңізінің оңтүстік бөлігін мекендеген қазақтар балықпен қоректенеді, кемемен жүзуге әбден қабілетті, олар желкенді қайықтарды да пайдаланады. Қазақтар кішкене қайықтармен жағалауды жағалап балық аулайды. Арал теңізінде балық аулаумен тек кәсіби балықшылар Арал тұрғындары айналысады, ал қазақтар Сырдарияда балық аулаумен тек азық ету үшін ғана аулап қанағаттанған. Арал теңізінде Каспий теңізімен бірдей балық түрлері бар болса керек. Бұхарада Арал теңізінен ұсталған ұзындығы 3–4 фут кішкентай бекіре балығын көрдік...(Мейендорф, 1975: 66).

1906 жылғы Орынбор мен Ташкент қалалары арасындағы темір жол қатынастарының ашылуы Арал теңізінің өзінде балық аулау және су үсті жолдарының дамуына түрткі болды. Балық аулау кәсібінің дамуы Аралға Дунайдан және Азов, Каспий теңіздерінен балық аулаушылардың көптеп келуіне әсерін тигізді және осы кәсіптің өзі капиталистік сипатқа ие болып көптеген балық аулау орындарының, теңіз жағалауында балықшылар ауылдарының пайда болуына әкелді. 1908 жылдан бастап Арал теңізінен параходтар жүре бастады. 1910 жылдың күзінде бұл теңізде төрт параход болды. Осы уақытқа дейін Арал теңізінде балық аулау кәсібімен Орал казактары және жергілікті халық орыстардың Түркістан өңіріне келуіне дейін балық аулаумен кәсібімен өздері үшін қазақтар Сырдария бойында айналысып келді. Бірақ осы уақытқа дейін балық шаруашылығында монополист болып келген Аралдықтарды Каспий, Азов, Волга өзендерінен келген балықшылар шетке ығыстыра бастады. Бұл шеттен келген балықшылардың жылда және тиімді өңдеу техникаларын пайдалануымен түсіндіріледі. Арал портының жағалауында көптеген жерлеріне балықшылар қоныстана бастады. Балықты жинау және бөлу бойынша жұмыс істейтіндер болып қазақтар және астрахандық әйелдер мен ерлер болды. Балықты Арал теңізінен аулайды және оларға деген бағалар төмендегідей қойылады. (1909 жылғы мәлімет бойынша):

Сазан – 90 тиыннан 2 сом 40 тиынға дейін, – 50 тиыннан 1 сом 40 тиынға дейін.
Жайын – 1 сом 60 тиыннан 3 сомға дейін; – 2 сомнан 3 сомға дейін; – 5 сомнан 7 сомға дейін.
Шортан – 60 тиыннан 2 сомға дейін; – 1 сом 50 тиыннан 3 сомға дейін; – 80 тиыннан 2 сом 40 тиынға дейін.

Балық өнеркәсібі деңгейін темір жолдар бойынша балықтар санымен анықтауға болады, мысалы “Арал теңізі” станциясынан 1905 жылы 13364 пұт, 1906 жылы 37381 пұт, 1907 жылы 85046 пұт балық жіберілген (Материалы к характеристике народного хозяйства в Туркестане, 1911: 293–295)

Қорытынды

Қорыта келе, қазақ халқы мал, егіншілік, балық шаруашылығымен айналысқандығын түрлі деректерге қарап сонау қола дәуірі кезеңінен бастау алғандығын көреміз. Қазіргі жахандану заманында ата-бабаларымыздың бізге қалдырған рухани және материалдық құндылықтарымызды зерттеп–зерделеп жазып қалдырмасақ ұмытылып, жоғалып бара жатыр. Тағы бір себебі осы мал, егіншілік, балық шаруашылығына байланысты салт дәстүр, әдет ғұрып, наным-сенімдер, шаруашылықты жүргізудің әдіс тәсілдерін, материалдық, рухани құндылықтарды білетін адамдардың өмірден озып азайып бара жатқандығында.

Сонымен қатар жахандану заманында табиғи тағам тапшылығы орын алған кезеңде, ұстап тұтынатын бұйымдардың басым бөлігі синтетикалық талшықтардан жасалып, адам ағзасына кері әсерін тигізіп жатқан уақытта ата бабамыздың бізге мұра ретінде қалдырып кеткен табиғи таза өнімдерді жетілдіріп, шығарып, пайдаланып одан да әрі ұлттық

құндылықтарымызды дәріптеп әлемдік брент деңгейіне көтермеске.

Дереккөздер

АЭМ — Автордың экспедициялық материалдарынан
КРОМА – Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві
ӨРОМА – Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві

Sources

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.
CSA RU — Central State Archive of the Republic of Uzbekistan
FtAEM — From the author's expedition materials

Әдебиеттер

Ахантаева, 2008 — *Ахантаева Ә.Ж.* Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі жер шаруашылығы: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басындағы деректер бойынша): Тарих ғыл. канд. ... дисс. қолжазбасы: 07.00.07–Этнография, этнология және антропология. Алматы, 2008. 164 б.

Ахантаева, 2020 — *Ахантаева Ә.Ж.* Қазақ халқында егіншілікке байланысты әдет – ғұрыптар мен жора жосындар, аңыз-әпсаналар // *edu.e-history.kz*, 2020. № 1. 5 б.

Брокгауз, Ефрон, 1898 — *Брокгауз Ф.А., Ефрон И.А.* Энциклопедический словарь. СПб., 1898. Т. 45. 349 с.

Дингельштедт, 1893 — *Дингельштедт Н.А.* Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сырдарьинская область. СПб., 1893. Т.1. 513 с.

Добросмыслов, 1895 — *Добросмыслов А.И.* Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Типография П.Н. Жарикова, 1895. 360 с

Елеусізов, 1959 — *Елеусізов М.Ш.* Уәлихановтың экономикалық көзқарасы. Алматы: Қазақ Мемлекет баспасы, 1959. 128 б.

Жданко, 1961 — *Жданко Т.А.* Проблема полуседлого населения в истории Средней Азии и Казахстана // СЭ, 1961. № 2. С. 53–62.

Загряжский, 1874 — *Загряжский Г.* Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи // ТВ., 1874. № 25. 111 с.

Картаева, 2015 — *Картаева Т.Е.* Қысқы қоныс пен жайылым иеленудің аймақтық ерекшеліктері (XIX ғ. аяғы – XX ғ. Басы) // *Отан тарихы* 2015, № 1 (69).

Кауфман, 1903 — *Кауфман А.А.* К вопросу о русской колонизации Туркестанского края. СПб., 1903. 205 с.

Қазақстан тарихы, 2002 — *Қазақстан тарихы* (Көне заманнан бүгінге дейін). Алматы: Атамұра, 2002. Т. 3. 768 б.

Левшин, 1996 — *Левшин А.* Описание киргиз-казахских или киргиз-кайсацких орд и степей. Перевзд. Алматы: Санат, 1996. 656 с.

Макшеев, 1873 — *Макшеев А.И.* Описание низовьев Сыр-Дарьи // ТС – СПб., 1873. Т. 50. 567 с.

Материалы к характеристике, 1911 — *Материалы к характеристике* народного хозяйства в Туркестане. СПб., 1911. Ч. I. 354 с.

Мейендорф, 1975 — *Мейендорф Е.К.* Путешествие из Оренбурга в Бухару. М.: Наука, 1975. 180 с.

Мейер, 1865 — *Мейер Л.* Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Ч. 1. Киргизская степь. Оренбургского ведомства. СПб., 1865. 288 с. 12 л карта, табл.

Смирнов, 1887 — *Смирнов Е.* Сырдарьинская область. СПб., 1887. 355 с.

Тоқтабай, 2010 — *Тоқтабай А.У.* Қазақ жылқысының тарихы. Алматы: Алматы кітап, 2010. 496 б.

Тоқтабай, Сейтқұлова, 2005 — *Тоқтабай А., Сейтқұлова Ж.* Төрт түліктің қасиеті: Қазақтың төрт түлікке байланысты әдет-ғұрыптарының фольклорлық, археологиялық, лингвистикалық және жазба деректермен салыстырыла зерттелуі. Алматы, 2005. 192 б.

Egamberdiyev, Akhantayeva, 2023 — *Egamberdiyev M., Akhantayeva A.* Kazak Türklerinin Kültür Tarihinde Koyun Başını İkrâm Etme Geleneği. Cilt: 18 Sayı: 140, 2023. Pp. 119-129. // URL: <https://doi.org/10.58242/millifolklor.1076588>

Toleubayeva, Kartayeva, 2015 — *Toleubayeva Zh., Kartayeva T.* The Regional Features Of The Winter Pastures On The Lower Reaches Of Syrdarya (The End of 19th to the First Half of 20th Century), 2015. // URL: http://bilig.yesevi.edu.tr/shw_artcl-654.html

References

Akhantayeva, 2008 — *Akhantayeva A.Zh.* Syr oniri qazaqtarynyn dasturli zher sharuashylygy: tarihi-etnografijalyq zertteu (XIX g. ortasy men XX g. basyndagy derekter boynsha) [Traditional land farming of the Kazakhs of the Syr region: historical and ethnographic research (according to the data of the middle of the 19th and the beginning of the 20th centuries)]: Candidate of historical sciences dissertation manuscript:07.00.07–ethnography, ethnology and anthropology. Almaty, 2008. 164 p. (In Kaz.).

Akhantayeva, 2020 — *Akhantayeva A.Zh.* Qazaq khalqynda eginshilikke bailanysty adet-guryptar men jora josyndar, anyz – apsanalar [Customs, customs, traditions, legends related to agriculture in the Kazakh people] // *edu.e-history.kz*, 2020. No. 1. 5 p. (In Kaz.).

Brokgauz, Efron, 1898 — *Brokgauz F.A., Efron I.A.* Enciklopedicheski slovar [Encyclopedic Dictionary]. SPb., 1898. Vol. 45. 349 p. (In Russ.).

- Dingelshedt, 1893 — *Dingelshedt N.A.* Opyt izusheniya irrigacii Turkestantskogo kraia. Syr-Darinskaija oblast [Experience in studying irrigation in the Turkestan region. Syr-Darya region.]. Saint Petersburg: Ministry of Railways Typography, 1893. 366 p. (In Russ.).
- Dobrosmyslov, 1895 — *Dobrosmyslov A.I.* Skotovodstvo v Turgaiskoi oblasti [Cattle breeding in Turgai region]. Orenburg: Tipografija P.N. Zharikova, 1895. 360 p. (In Russ.).
- Egamberdiyev, Akhantayeva, 2023 — *Egamberdiyev M., Akhantayeva A.* Kazak Türklerinin Kültür Tarihinde Koyun Başını İkrâm Etme Geleneği. Cilt: 18 Sayı: 140, 2023. Pp. 119–129. // URL: <https://doi.org/10.58242/millifolklor.1076588>
- Eleusizov, 1959 — *Eleusizov M.Sh.* Ualikhanovtyn ekonomikalıq kozqarasy [Economic view of Ualikhanov]. Almaty: Qazaq Memleket baspasy, 1959. 128 p. (In Kaz.).
- Kartaeva, 2015 — *Kartaeva T.E.* Qysqy qonys pen zhaylym ielenudin aimaqtyq erekshelikteri (XIX g. aiagy – XX g. Basy) [Regional features of winter settlement and pasture ownership (end of the 19th century – beginning of the 20th century)] // Otan tarihy, 2015. No. 1(69). (In Kaz.).
- Kaufman, 1903 — *Kaufman A.A.* K voprosu o russkoi kolonizacii Turkestantskogo krayja [On the issue of Russian colonization of the Turkestan region]. SPb., 1903. 205 p. (In Russ.).
- Kazakhstan tarihy, 2002 — *Kazakhstan tarihy* (Kone zamannan buginge deiin) [History of Kazakhstan (from ancient times to the present day)]. Almaty: Atamura, 2002. Vol. 3. 768 p. (In Kaz.).
- Levshin, 1996 — *Levshin A.* Opisanie kirgiz-kazachjih ili kirgiz-kaisackih ord i stepei [Description of the Kirghiz-Cossack or Kirghiz-Kaisak hordes and steppes]. Almaty: Sanat, 1996. 656 p. (In Russ.).
- Maksheev, 1873 — *Maksheev A.I.* Opisanie nizov'ev Syr-Dar'I [Description of the lower reaches of the Syr Darya] // TS – SPb., 1873. Vol. 50. 567 p. (In Russ.).
- Materialy k harakteristike, 1911 — *Materialy k harakteristike narodnogo hozjaistva v Turkestante* [Materials for the characterization of the national economy in Turkestan]. SPb., 1911. Vol. I. 354 p. (In Russ.).
- Meiendorf, 1975 — *Meiendorf E.K.* Puteshestvie iz Orenburga v Buharu [Travel from Orenburg to Bukhara]. M.: Nauka, 1975. 180 p. (In Russ.).
- Meier, 1865 — *Meier L.* Materialy dlja geografii i statistiki Rossii, sobrannye oficerami generalnogo shtaba. Ch.1. Kirgizskaja step. Orenbyrgskogo vedomostva [Materials for the geography and statistics of Russia, collected by officers of the General Staff. Part 1. Kirghiz steppe. Orenburg department]. SPb., 1865. 288 p. (In Russ.).
- Smirnov, 1887 — *Smirnov E.* Sirdarinskaya oblast [Syrdarya region]. SPb., 1887. 355 p. (In Russ.).
- Toleubayeva, Kartayeva, 2015 — *Toleubayeva Zh., Kartayeva T.* The Regional Features Of The Winter Pastures On The Lower Reaches Of Syrdarya (The End of 19th to the First Half of 20th Century), 2015. // URL: http://bilig.yesevi.edu.tr/shw_artcl-654.html
- Toqtabai, 2010 — *Toqtabai A.U.* Qazaq zhylqysynyn tarihy [History of the Kazakh horse]. Almaty: Almaty kitap, 2010. 496 p. (In Kaz.).
- Toqtabai, Seitqulova, 2005 — *Toqtabai A., Seitqulova Zh.* Tort tuliktin qasieti: Qazaqtyn tort tulikke bailanysty adet-guryptarynyn folklorlyq, arheologijalyq, lingvistikalyq zhane zhazba derektermen salystyryla zerttelui [Characteristics of the four colors: a comparative study of Kazakh customs related to the four colors with folklore, archeology, linguistic and written data]. Almaty, 2005. 192 p. (In Kaz.).
- Zagrjazhskij, 1874 — *Zagrjazhskij G.* Byt kochevogo naselenija dolin Chu i Syrdar'i // TV., 1874. No. 25. Opisanie kirgiz-kazachjih ili kirgiz-kaisackih ord i stepei [Life of the nomadic population of the Chu and Syr Darya valleys]. Almaty: Sanat, 1996. 656 p. (In Russ.).
- Zhdanko, 1961 — *Zhdanko T.A.* Problema polusedlogo naseleniya v istorii Srednei Azii i Kazahstana [The problem of semi-sedentary population in the history of Central Asia and Kazakhstan] // SE., 1961. No. 2. Pp. 53–62. (In Russ.).

МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

| | |
|---|-----|
| Абуов Н.А., Мәлікова С.З. ӘЛЕУМЕТТІК ТРАГЕДИЯ КОНТЕКСТІНДЕ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АШТЫҚ..... | 528 |
| Нұртазина Н.Д., Қартабаева Е.Т., Дауытбекова М.К. ҚАЗАҚТЫҢ ИШАНДАРЫ МЕН ӘУЛИЕ ЕМШІЛЕРІНІҢ МҰРАСЫ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МҰСЫЛМАНДЫҚ-СОПЫЛЫҚ ДӘСТҮРІ АЯСЫНДА ЖАҢАША ЗЕРТТЕУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ..... | 541 |

ТАРИХ

| | |
|---|-----|
| Алмагамбетова А., Уста А. ҚАРАХАНДАР САРАЙЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ЛАУАЗЫМДАР: СЫРТҚЫ САЯСАТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... | 558 |
| Бейсембаева А.Р., Абенова Г.А., Мамытова С.Н. XVIII ҒАСЫРДЫҢ 50-ШІ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АМУРСАНА КӨТЕРІЛІСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАСАҚТАРЫ: МҰРАҒАТ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ..... | 572 |
| Жолдасұлы Т., Тайман С.Т., Құдайбергенова А.И. СОВЕТТІК ОРТА АЗИЯДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ДІНИ СИПАТЫ (1918–1930)..... | 585 |
| Жумағанбетов Т.С. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ ШАҒАТАЙ ҰЛЫСЫНЫҢ ТӨРТ ФАКТОРЫ (ҚАЗАҚ-ШАҒАТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫ)..... | 600 |
| Исмаилзаде С.Д., Жеміс Ж.Ж. XI–XIV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК КАВКАЗ ҚЫПШАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫНА АРНАЛҒАН ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ШОЛУ..... | 614 |
| Крупко И.В., Бұрханов Б.Б. «АЗ И Я» – ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ТАРИХЫ: АЙЫПТАУДАН ТАЛҚЫЛАУҒА ДЕЙІН..... | 626 |
| Қушенова Г.И. ХАЙДУ ЖӘНЕ ТАЛАС ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ..... | 642 |
| Қаратаев Ә.Ә. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ САЯСИ-ӘКІМШІЛІК ЖҮЙЕСІ: ҚАНАТТАР, ЖҮЗДЕР, ТАЙПАЛАР ЖӘНЕ ШЕЖІРЕ..... | 658 |
| Легкий Д.М., Түрежанова С.А., Саметова Г.С. ҚАЗАҚ АКСР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚОСТАНАЙ АКУШЕРЛІК ТЕХНИКУМЫ (1929–1935 ЖЖ.)..... | 671 |
| Сатенова М.Р., Оразов Р.Е. ТАШКЕНТ ОАЗИСІНДЕГІ ҰЛЫ ЖҮЗДІҢ ДАЛАЛЫҚ ЭЛИТАСЫ (XVIII Ғ.)..... | 687 |
| Шотанова Г.А., Сатенова М.Р. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЭМБА ЖӘНЕ ОЙЫЛ БЕКІНІСТЕРІНІҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ..... | 702 |
| Эгамбердиев М., Ахантаева Ә., Ахантаева Г. СЫРДЫҢ ТӨМЕНГІ ЖӘНЕ ОРТА АҒЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАЛАРЫ: ДИҚАНШЫЛЫҚ, МАЛ ЖӘНЕ БАЛЫҚ АУЛАУ (XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басы)..... | 714 |

АНТРОПОЛОГИЯ

| | |
|--|-----|
| Шайкен Ж.А. «ДЫҢ» ТИПТІ ЕРТЕТҮРКІ МЕМОРИАЛДЫҚ-КУЛЬТТІК ТАС ҚҰРЫЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІНЕ..... | 729 |
| Ярыгин С., Сакенов С., Шульга В. САНДЫҚТАУ ТАУДАҒЫ СТЕЛАЛЫҚ КЕШЕН ЖӘНЕ БЕТТІҢ РЕЛЬЕФ БЕЙНЕСІ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН)..... | 748 |

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

| | |
|---|-----|
| Абуов Н.А., Маликова С.З. КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ И ГОЛОД В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ В КОНТЕКСТЕ СОЦИАЛЬНОЙ ТРАГЕДИИ..... | 528 |
| Нуртазина Н.Д., Картабаева Е.Т., Дауытбекова М.К. НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКИХ ИШАНОВ И СВЯТЫХ ЦЕЛИТЕЛЕЙ: НОВЫЕ ПОДХОДЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ИЗУЧЕНИЯ В КОНТЕКСТЕ МУСУЛЬМАНСКО-СУФИЙСКОЙ ТРАДИЦИИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ..... | 541 |

ИСТОРИЯ

| | |
|--|-----|
| Алмагамбетова А., Уста А. ГЛАВНЫЕ ДОЛЖНОСТИ ПРИ ДВОРЕ КАРАХАНИДОВ: ФОРМИРОВАНИЕ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ..... | 558 |
| Бейсембаева А.Р., Абенова Г.А., Мамытова С.Н. ВОССТАНИЕ АМУРСАНЫ И КАЗАХСКИЕ ОПОЛЧЕНИЯ В 50-Е ГГ. XVIII В.: НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ..... | 572 |
| Жолдасулы Т., Тайман С.Т., Кудайбергенова А.И. РЕЛИГИОЗНЫЙ ХАРАКТЕР ДВИЖЕНИЯ БАСМАЧЕСТВА В СОВЕТСКОЙ СРЕДНЕЙ АЗИИ (1918–1930 гг.)..... | 585 |
| Жумаганбетов Т.С. ЧЕТЫРЕ ФАКТОРА ЧАГАТАЙСКОГО УЛУСА В ВОПРОС ВОЗНИКНОВЕНИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА (КАЗАХСКО-ЧАГАТАЙСКИЕ ОТНОШЕНИЯ)..... | 600 |
| Исмаилзаде С.Д., Женис Ж.Ж. ОБЗОР ИССЛЕДОВАНИЙ ПО ИСТОРИИ КЫПЧАКОВ ЮЖНОГО КАВКАЗА В XI–XIV В.В..... | 614 |
| Крупко И.В., Бурханов Б.Б. ИДЕОЛОГИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ «АЗ И Я»: ОТ ОСУЖДЕНИЯ К ОБСУЖДЕНИЮ..... | 626 |
| Кушенова Г.И. ХАЙДУ И ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ТАЛАССКОГО КУРУЛТАЯ..... | 642 |
| Каратаев А.А. ПОЛИТИКО-АДМИНИСТРАТИВНАЯ СИСТЕМА КАЗАХСКОГО ХАНСТВА: КРЫЛЬЯ, ЖУЗЫ, ПЛЕМЕНА И ШЕЖИРЕ..... | 658 |
| Легкий Д.М., Турежанова С.А., Саметова Г.С. КУСТАНАЙСКИЙ АКУШЕРСКИЙ ТЕХНИКУМ В СИСТЕМЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ КАЗАХСКОЙ АССР (1929–1935 ГГ.)..... | 671 |
| Сатенова М.Р., Оразов Р.Е. СТЕПНАЯ ЭЛИТА СТАРШЕГО ЖУЗА В ТАШКЕНТСКОМ ОАЗИСЕ (XVIII В.)..... | 687 |
| Шотанова Г.А., Сатенова М.Р. РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ЭМБИНСКОГО И УИЛСКОГО УКРЕПЛЕНИЙ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В ИСТОРИИ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА..... | 702 |
| Эгамбердиев М., Ахантаева А., Ахантаева Г. ОТРАСЛИ ХОЗЯЙСТВА КАЗАХОВ НИЖНЕГО И СРЕДНЕГО ТЕЧЕНИЯ СЫРДАРЬИ: ЗЕМЛЕДЕЛИЕ, ЖИВОТНОВОДСТВО И РЫБОЛОВСТВО (середина XIX–начало XX в.)..... | 714 |

АНТРОПОЛОГИЯ

| | |
|--|-----|
| Шайкен Ж.А. К ВОПРОСУ ИЗУЧЕНИЯ РАННЕТЮРКСКИХ МЕМОРИАЛЬНО-КУЛЬТОВЫХ КАМЕННЫХ СООРУЖЕНИЙ ТИПА «ДЫН»..... | 729 |
| Ярыгин С., Сакенов С., Шульга В. КОМПЛЕКС СО СТЕЛОЙ И РЕЛЬЕФНЫМ ИЗОБРАЖЕНИЕМ ЛИЦА В ГОРАХ САНДЫКТАУ (СЕВЕРНЫЙ КАЗАХСТАН)..... | 748 |

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

| | |
|--|-----|
| Abuov N.A., Malikova S.Z. COLLECTIVISATION AND FAMINE IN NORTHERN KAZAKHSTAN IN THE CONTEXT OF SOCIAL TRAGEDY..... | 528 |
| Nurtazina N.D., Kartabayeva E.T., Dautbekova M.K. THE LEGACY OF THE KAZAKH ISHANS AND HEALING SAINTS: NEW APPROACHES AND PROSPECTS FOR STUDYING IN THE CONTEXT OF THE ISLAMIC-SUFI TRADITION OF CENTRAL ASIA..... | 541 |

HISTORY

| | |
|---|-----|
| Almagambetova A., Usta A. KEY OFFICIALS IN THE QARAKHANID COURT: SHAPING FOREIGN POLICY..... | 558 |
| Beisembayeva A.R., Abenova G.A., Mamytova S.N. THE UPRISING OF AMURSANA AND KAZAKH MILITIAS IN THE 1750S: BASED ON ARCHIVAL MATERIALS..... | 572 |
| Zholdassuly T., Taiman S.T., Kudaibergenova A. THE RELIGIOUS NATURE OF THE BASMACHI MOVEMENT IN SOVIET CENTRAL ASIA (1918–1930)..... | 585 |
| Zhumaganbetov T.S. FOUR FACTORS OF THE CHAGATAI ULUS IN THE ISSUE OF THE EMERGENCE OF THE KAZAKH KHANATE (KAZAKH-CHAGATAI RELATIONS)..... | 600 |
| Ismailzade S.J., Zhenis Zh. REVIEW OF RESEARCHES ON THE HISTORY OF THE KIPCHAKS OF THE SOUTH CAUCASUS IN THE XI–XIV CENTURIES..... | 614 |
| Krupko I.V., Burkhanov B.B. IDEOLOGICAL HISTORY OF “AZ I YA”: FROM CONDEMNATION TO DISCUSSION..... | 626 |
| Kushenova G. QAIDU AND THE HISTORICAL SIGNIFICANCE OF THE TALAS QURILTAI..... | 642 |
| Karatayev A.A. POLITICAL-ADMINISTRATIVE SYSTEM OF THE KAZAKH KHANATE: WINGS, ZHUZES, TRIBES AND SHEZHIRE..... | 658 |
| Legkiy D.M., Turezhanova S.A., Sametova G.S. KUSTANAY OBSTETRICAL TECHNICAL SCHOOL IN THE HEALTH CARE SYSTEM OF THE KAZAKH ASSR (1929–1935)..... | 671 |
| Satenova M.R., Orazov R.E. THE STEPPE ELITE OF THE SENIOR ZHUZ IN THE TASHKENT OASIS (XVIII CENTURY)..... | 687 |
| Shotanova G.A., Satenova M.R. THE ROLE AND SIGNIFICANCE OF THE EMBA AND UIL FORTIFICATIONS OF THE RUSSIAN EMPIRE IN THE HISTORY OF WESTERN KAZAKHSTAN..... | 702 |
| Egamberdiyev M., Akhantaeva A., Akhantaeva G. ECONOMIC SECTORS OF THE KAZAKHS ENGAGED IN THE LOWER AND MIDDLE REACHES OF THE SYR: AGRICULTURE, LIVESTOCK AND FISHING (mid-XIX – early XX centuries)..... | 714 |

ANTHROPOLOGY

| | |
|---|-----|
| Shaiken J.A. ON THE ISSUE OF STUDYING EARLY TURKIC MEMORIAL AND CULT STONE STRUCTURES OF THE “MELON” TYPE..... | 729 |
| Yarygin S., Sakenov S., Shulga V. COMPLEX OF A STELE AND A RELIEF IMAGE OF A FACE IN THE SANDYKTAU MOUNTAINS (NORTH KAZAKHSTAN)..... | 748 |

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2024. 11 (3)

Бас редактор:

Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:

Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 20.09.2024.

Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй